


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы"
Республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория
имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

САЯСАТ

2025 ж. 30 сәуір

күні

Алматы қ.

ПОЛИТИКА

№ АЖ-01-25

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы" РММ
Ғылыми кеңес шешімімен
Бекітілген
төраға Г. Тасбергенова
2025 жылғы «30» сәуір
№ 10 хаттама



АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Дайындаған:			
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	<u>ЖС -</u>	Г. Әбдірахман	<u>30.04.2025</u>
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысы	<u>Ермол</u>	Н. Ертаева	<u>30.04.2025</u>
Келісілді:			
Compliance officer	<u>АЖ</u>	Г. Джагупарова	<u>30.04.2025</u>
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы	<u>АЖ</u>	А. Сарымсакова	<u>30.04.2025</u>
Заң секторының басшысы	<u>АЖ</u>	Д. Мамедова	<u>30.04.2025</u>
Лауазымы	Қолы	Т.А.Ж.	Күні

МАЗМҰНЫ

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР:	3
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНА КЕПІЛДІК САЯСАТЫ	7
3. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ	8
4. СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ	10
5. АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ	13
6. БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮЛГЕРІМІНІҢ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУЫ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	13
7. ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР	18
8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ОҚУДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ	20
9. БОС БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ	22
10. СТИПЕНДИЯЛАР	23
11. КРЕДИТТІК ЖҮЙЕ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН АВТОМАТТАНДЫРУ	24
12. КОНСЕРВАТОРИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫННАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ	27
13. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	29
14. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТЕР	30
15. ФАКУЛЬТЕТТЕР КЕҢЕСІ	31
16. АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ	34
17. ТІРКЕУШІ КЕҢЕСІ	35
18. ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ	35
19. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ	36
20. ПРАКТИКА, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ МАНСАП СЕКТОРЫ	37
21. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ СЕКТОРЫ	39
22. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	40
ТҮЗЕТУЛЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	41
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	42

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 2 беті

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР:

Құрманғазы ат. ҚҰК – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
РММ – Республикалық мемлекеттік мекемесі
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі
МБББ – Модульдік білім беру бағдарламасы
БББ – Білім беру бағдарламасы
ОӘК – Оқу-әдістемелік кеңес
ӘК – Әдістемелік кеңес
ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы
ПОӘК – Пәндердің оқу-әдістемелік кешені
МОӘК – Мамандығы бойынша оқу-әдістемелік кешен
ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ТОЖ – Типтік оқу жоспары
ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
ЕКҚ – Еуропалық консерваториялар қауымдастығы
ОЖЖБ – Оқу жоспарын жоспарлау бөлімі
АМ проректоры – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
АМЖҚ – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет
ОӘЖЖИББ – Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі
ТК – Тіркеуші кеңсесі
СБ – Семестрішілік бақылау
МАК – Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
ҚББТ – Қашықтықтан білім беру технологиялары
ҚО – Қашықтықтан оқыту
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
АҚ – Акционерлік қоғам
ЖБП – Жалпы білім беретін пәндер

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 3 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ (бұдан әрі – ҚҰК) кәсіби білім берудің үш сатылы моделі (бакалавриат – магистратура – PhD докторантура) бойынша мамандар даярлауды оқу үдерісін кредиттік технология негізінде жүзеге асырады.

2. ҚҰК-ның академиялық саясаты – шығармашылық әлеуетін ел ішінде де, одан тыс жерде де іске асыра алатын кәсіби музыкалық өнер мен білім беру саласындағы бәсекеге қабілетті тұлғаның үйлесімді дамуына жағдай жасау миссиясына негізделеді. Сондай-ақ ол 2029 жылға қарай кәсіби даярлық бағыты бойынша орындаушылық, ағартушылық және педагогикалық дағдыларға ие, ғылым, креативті және цифрлық индустрия жетістіктерін іс-тәжірибеде қолдана алатын, қоғамның рухани дамуының жаһандық үдерісіне интеграциялануға қабілетті, сұранысқа ие кәсіби музыкант-орындаушыларды, композиторларды, музыка зерттеушілерді, дирижерлер мен арт-менеджерлерді даярлайтын заманауи шығармашылық жоғары оқу орны ретінде консерваторияның көзқарасын білдіреді.

3. Консерваторияның академиялық саясаты – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау мен басқарудың жүйесі, ережелері мен рәсімдер жиынтығы. Академиялық саясат студентке бағытталған оқытуды қамтамасыз етуге және білім сапасын арттыруға бағытталған, бұл мәдениет пен өнер саласындағы білікті әрі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау барысында жоғары оқу, ғылыми және шығармашылық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

4. ҚҰК академиялық саясатының стратегиялық мақсаттары (нысаналы талаптары):

1) Музыкалық білім берудің тартымдылығын арттыру мақсатында білім беру қызметін жаңғырту, оның ішінде Консерваторияның білім беру бағдарламаларына деген сұранысты талдауға негізделген мамандар даярлау сапасын бақылаудың мониторингтік жүйесін құру, инклюзивті білім беру қағидаттарын енгізу. Бұл барлық санаттағы студенттерге, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімділік пен тең мүмкіндік беруді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар оқу үдерісі мен білім алушылардың жетістіктерін бағалау қолданыстағы заңнамаға, академиялық саясатқа, дәстүрлі бағалау және ECTS шкалаларын қолданатын балдық-рейтингтік жүйеге сәйкес жүзеге асырылады;

2) Оқу үдерісіне инновациялық, жаңа ақпараттық (музыкалық-ақпараттық) және білім беру технологияларын енгізу, инклюзивті білім беру технологияларын дамыту, білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сай икемді және қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру. Сонымен қатар уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінде білім алушылардың оқу жетістіктері, сабаққа қатысуы, аралық және қорытынды

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 4 беті

аттестаттау нәтижелерін уақтылы тіркеу қамтамасыз етіледі, бұл білім сапасын бақылаудың ашықтығы мен объективтілігін арттырады;

3) Мәдениет пен өнер саласының сұранысына ие ғылыми-зерттеу базасын дамыту, оның ішінде музыкалық саладағы әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қатысуын қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдерді әзірлеуге бағытталған инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулерді қамту.

5. ҚҰК академиялық саясатының міндеттері:

1) Елдің әлеуметтік-мәдени дамуының кадрлық қажеттілігін қамтамасыз ету;

2) Өнер саласы үшін жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау;

3) Білім беру, ғылым және өндіріс арасындағы интеграцияны қамтамасыз ету;

4) Еуропалық жоғары білім беру аймағына кірігу;

5) Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған жоспарлау мен басқаруға арналған шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі негізінде студентке бағытталған оқыту, оқыту әдістері мен бағалау;

6) Инновациялық оқыту технологияларын енгізу;

7) Ішкі сапа қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру;

8) Білім сапасын сыртқы қамтамасыз ету;

9) Әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар студенттерге, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі студенттерге тең мүмкіндік беруге бағытталған инклюзивті білім беруді дамыту;

10) Музыкалық және мәдени білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту, оның ішінде халықаралық жобаларға қатысу және шетелдік университеттер мен консерваториялармен тәжірибе алмасу.

6. ҚҰК академиялық саясатының құндылықтық бағдарлары:

1) руханилық;

2) білімге құштарлық;

3) кәсібилік, бәсекеге қабілеттілік;

4) патриотизм;

5) академиялық адалдық және еркіндік;

6) креативтілік;

7) инновациялық белсенділік;

8) инклюзивтілік және білімге қолжетімділік.

7. ҚҰК академиялық саясаты мынадай негізгі нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

2) 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Жарлығы;

3) 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім беру ұйымдарында оқитындарға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидалары мен мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысы;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 5 беті

4) 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету түрлері, көздері мен қағидаларын бекіту туралы» қаулысы;

5) 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

6) 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

7) 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

8) 2018 жылғы 2 қазандағы № 530 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Экстернат және сырттай оқу түрлерінде кадрлар даярлау рұқсат етілмейтін жоғары білім беру бағыттарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығы;

9) 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Шетелде оқуға жіберу қағидаларын, соның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде» бекіту туралы бұйрығы;

10) 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

11) 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

12) 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің және № 322 ҚР Оқу-ағарту министрінің бірлескен бұйрығы «Бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы»;

13) 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің «Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

14) 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

15) 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 150 ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. «Мәдениет саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы;

16) 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 151 ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. «Мәдениет саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы;

17) 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 6 беті

18) 2025 жылғы 7 сәуірдегі №145-НҚ ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

19) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы.

2. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНА КЕПІЛДІК САЯСАТЫ

8. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында, Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 Жарлығымен бекітілген, ХХІ ғасырдың заманауи және сұранысқа ие дағдыларына ие адами капиталды дамыту елдің орнықты дамуының басты басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан білім беру жүйесінде жекелеген тәсілден бас тартып, халықаралық стандарттарға стратегиялық қайта бағдарлауға көшуі қажет, бұл отандық білім берудің сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда ҚҰК-да білім беру үдерісін шетелдік жүйелермен үйлестіруді қамтамасыз етіп, жалпыеуропалық білім беру кеңістігіне белсенді интеграциялану қажет. Бұл өз кезегінде, ұлттық сапа кепілдігі жүйесінің халықаралық талаптарға сәйкестігін талап етеді, ал бұл консерваторияның академиялық ортада және жаһандық еңбек нарығында танылуының негізгі шарты болып табылады.

9. ҚҰК өзінің білім беру қызметінде Болон процесі аясында қабылданған жоғары білім беру сапасына кепілдік берудің еуропалық кеңістігіндегі «Сапа кепілдігіне арналған стандарттар мен ұсынымдар» (ESG) қағидаттарына, сондай-ақ кәсіби музыкалық білім беру мен өнер саласындағы еуропалық білім беру кеңістігінде танылған құжаттар талаптарына сүйенеді («ЕКҚ оқу нәтижелері», «Polifonia / Дублин дескрипторлары»).

10. ҚҰК білім беру сапасы деп – ҚР МАМ мен ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарына, білім беру үдерісіне қатысушы барлық тараптардың (студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер) талаптарына сәйкестігін және білім беру бағдарламасының жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін сипаттайтын білім беру қызметі мен білім алушыларды даярлаудың кешенді сипаттамасын түсінеді. Сапаны қамтамасыз ету білім беру бағдарламаларының мазмұны, оқыту мүмкіндіктері мен материалдық-техникалық базасы мақсаттарға толық сай келетін білім беру ортасын қалыптастыруы тиіс.

11. Білім берудің жоғары сапасына кепілдік беруді қамтамасыз ету – ҚҰК қызметіндегі ең маңызды басымдықтардың бірі болып табылады және бұл консерваторияның үздіксіз дамуға деген қажеттілігі мен қабілетін білдіреді. Сонымен қатар бұл бәсекелік артықшылықтарды тұрақты түрде сақтап қалуға мүмкіндік беретін инновациялық үдерістерді және ақпараттық ашықтық қағидатын қамтиды.

12. Ашықтықтың негізгі тетіктеріне мыналар жатады:

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 7 беті

- 1) ресми интернет-ресурста ақпаратты ашық жариялау;
- 2) ашық деректер режимін пайдалану (мәліметтерді әрі қарай автоматты өңдеуге жарамды машиналық оқуға бейім форматта жариялау);
- 3) азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өтініштерін қарастыру және оларға ден қою;
- 4) қоғамдық кеңестердің жұмысы;
- 5) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз сараптама және құқық қолдану тәжірибесіне қоғамдық мониторинг жүргізу;
- 7) қызмет жоспарын қабылдау, мақсаттар мен міндеттерді жыл сайын жариялы түрде мәлімдеу, оларды қоғамдық талқылау және сараптамалық сүйемелдеу;
- 8) қызмет нәтижелері туралы жария есеп беру;
- 9) жоспарлардың, шешімдердің, бағдарламалардың, саясаттың және нормативтік-құқықтық реттеудің түсініктілігін қамтамасыз ету (олардың қажеттілігі мен күтілетін нәтижелерін түсіндіру);
- 10) барлық мүшелерді (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) ақпараттандыру: жаңалықтарды, әлеуметтік маңызы бар ақпаратты, фото және бейнерепортаждарды жариялау;
- 11) барлық мүшелердің (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) қатысуын қамтамасыз ету: пікірталастар ұйымдастыру, құжаттар мен бастамаларға, жарияланған есептерге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларға ұсыныстар, пікірлер мен түсіндірмелер жинау;
- 12) адалдық нормаларын бұзу фактілері туралы хабарлаған қызметкерлерді қорғауды қамтамасыз ету.

3. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

13. ҚҰК талапкерлердің, білім алушылар мен олардың ата-аналарының, мемлекеттік органдар мен өзге де мүдделі тараптардың сенімін арттыру мақсатында тұтынушылар мен тапсырыс берушілердің талаптары мен күтілімдерін барынша ескереді.

14. Академиялық саясат академиялық адалдықты, еркіндікті және академиялық алаяқтыққа қарсы сақтықты қолдайды; білім алушылар мен қызметкерлерге қатысты төзімсіздіктің немесе кемсітудің кез келген түрінен қорғайды.

15. ҚҰК мамандарды даярлаудың жаңа сапалық деңгейіне қол жеткізуді мына негіздерде қамтамасыз етеді:

- 1) білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесін құру;
- 2) ҚР СТ ISO 9001-2016 ұлттық стандарты талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесін енгізу;
- 3) ҚР БҒМ 2020 жылғы 4 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	42 беттің 8 беті

пен айқындықты қамтамасыз етуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты енгізу;

4) 2015 жылғы мамырда Ереванда өткен министрлер конференциясында мақұлданған ESG – Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі еуропалық кеңістіктегі стандарттар мен басшылықтарды қолдану;

5) жұмыс берушілердің, білім алушылардың пікірлері мен сұраныстарын және әлемдік тәжірибені зерттеу негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын үнемі жетілдіру;

6) академиялық үдерісті ұйымдастырудағы кемшіліктер мен мәселелерді жүйелі түрде талдау және оларды шешу;

7) білім алушылардың орындаушылық шеберлігін үздіксіз дамыту үшін жағдай жасау;

8) профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін жүйелі түрде арттыру;

9) профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-әдістемелік зерттеу нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізу;

10) жас оқытушыларға тәжірибе беруді және тәлімгерлік институтын дамыту;

11) академиялық мәселелерді автоматтандыру;

12) оқу үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу;

13) білім алушылардың шығармашылық, ғылыми, ұйымдастырушылық, кәсіпкерлік және компьютерлік дайындығы деңгейін арттыру;

14) үштілді білім беруді енгізу;

15) қос дипломды білім беру бағдарламаларын енгізу;

16) студенттердің жеке дайындығын күшейту;

17) білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту;

18) шетелдік консерваториялар мен университеттерде білім алу мен тағылымдамадан өту мүмкіндігін ұсыну;

19) жұмыс берушілермен тұрақты өзара іс-қимыл;

20) отандық және шетелдік білім беру және ғылыми мекемелермен, мәдениет және өнер ұйымдарымен шығармашылық байланыстарды нығайту;

21) білім беру бағдарламаларын мерзімді сыртқы бағалау;

22) оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулер сапасын арттыруға, оқытудың жаңа технологияларын енгізуге бағытталған оқытушылар мен қызметкерлердің шығармашылық бастамаларын көтермелеу;

23) ғалымдарды және зерттеушілерді қолдау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, өткізуге, енгізуге және коммерцияландыруға жағдай жасау;

24) сапа саясатын іске асыру мақсатында қызмет нәтижелерін жүйелі түрде талдау.

16. Білім беру сапасына ішкі кепілдік жүйесі келесі қағидаттар негізінде қалыптастырылады:

1) Жүйелілік. Білім беру сапасына кепілдік әртүрлі қызмет түрлерін қамтуы тиіс және тек жоспарлау мен басқару үдерістерін ғана емес, сонымен қатар бағалау, жақсарту және сапаны қамтамасыз ету үдерістерін де қамтуы қажет. Жалпы жүйенің элементтері өзара байланысты болуы, бірін-бірі толықтырып отыруы, ЖОО үдерістерінің ашықтығын қамтамасыз етуі; персоналды,

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 9 беті

профессор-оқытушылар құрамын, басшылықты жалпы білім беру ұйымының үдерістеріне тартуы; ЖОО-ның өз қызметін жетілдіру саласындағы жұмысын жүйелеуі тиіс.

2) Жан-жақтылық. Сапа кепілдігі жүйесі барлық деңгейлерді қамтып, барлық мүдделі тараптардың (білім алушылардың, ЖОО басшылығының, жұмыс берушілердің, мемлекеттің, қоғамның) талаптарына жауап беруі тиіс.

3) Бейімделгіштік. ЖОО ішіндегі сапа кепілдігі жүйесі түсінікті, ыңғайлы әрі іске асыруға қолжетімді болуы тиіс; мүдделі тараптар тарапынан қойылатын жаңа талаптарға оңай бейімделуге қабілетті болуы керек.

17. ҚҰК-ның білім беру сапасы саласындағы саясаты мыналарды қамтиды:

1) сапаға кепілдік саясаты;

2) білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету;

3) студентке бағытталған оқыту;

4) білім беру ресурстары мен білім алушыларды қолдау жүйесінің сапасын қамтамасыз ету;

5) профессор-оқытушылар құрамының сапасына кепілдік беру;

6) сапа саласындағы саясатты іске асыруды бағалау;

7) ақпараттық ашықтық.

4. СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ

18. ҚҰК барлық білім алушыларға сапалы және қолжетімді білім алуға тең мүмкіндік береді. Консерватория ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға, нәсіліне, ұлтына, этникалық шығу тегіне, дініне, жынысына, әлеуметтік жағдайына, отбасылық жағдайына, физикалық мүмкіндіктеріне, жасына немесе өзге де субъективті өлшемдерге байланысты кемсітушілікке жол бермейді.

19. Студентке бағытталған оқыту жеке оқыту, білім беру бағдарламаларының мазмұны, құзыреттілікке негізделген тәсіл, пәндер мен оқытушыларды таңдау мүмкіндігі, барлық санаттағы білім алушылар үшін интерактивті, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

20. Студентке бағытталған оқыту – бұл оқыту ортасын сапалы түрлендіру үдерісі, ол нәтижеге бағытталған тәсіл арқылы білім алушылардың дербестігін және сыни ойлау қабілетін арттыруға бағытталған.

21. ECTS пайдаланушы нұсқаулығында (Еуропалық Одақ, 2015) атап көрсетілгендей, студентке бағытталған оқыту студенттер, оқытушылар мен тиісті әкімшілік өкілдері арасындағы диалог пен кері байланысты талап етеді, бұл арқылы олардың қажеттіліктері мен ұмтылыстары айтылып, талқылана алады. Барлық мүдделі тараптар білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі сындарлы талқылауға тартылуы тиіс. Білім алушыларға жеке оқу траекториясын құру, оқытудың, білім берудің және бағалаудың икемді ұйымын қамтамасыз ету секілді түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру және таңдау мүмкіндігін кеңейту үшін, әртүрлі оқыту стильдерін үйлестіруге мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік материалдар мен іс-шараларға жол ашылуы қажет.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 10 беті

22. Консерваторияның академиялық саясаты білім беру үдерісін басқаруда студентке бағдарланған тәсіл білім алушылармен әріптестік қарым-қатынас орнатуды көздейтінін түсінуге негізделеді. Мұндай қарым-қатынастар оқыту нәтижелері мен бақылау рәсімдеріне қойылатын талаптардың айқындылығы мен ашықтығымен, білім алушылармен кері байланыстың болуымен, нәтижелердің барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімділігімен және талдауға ашықтығымен сипатталуы тиіс. Бұл тәсілде оқыту нәтижелері басты мақсат ретінде алынып, олар білім алушының білімі, түсінігі мен қабілеті тұрғысынан оқу үдерісінің негізгі қорытындысына айналады, ал оқытушылар қолданатын құралдар мен әдістер екінші кезекке қойылады.

23. Студентке бағытталған оқыту мен оқытуды іске асыру кезінде мыналар ескеріледі:

1) студенттердің әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрметпен қарау мен назар аудару, бұл икемді оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді;

2) оқытудың әртүрлі түрлерін қарастыру және қолдану (мүмкін болған жағдайда);

3) педагогикалық әдістердің алуан түрін икемді пайдалану;

4) білім беру әдістері мен педагогикалық тәсілдерді тұрақты түрде бағалау және бейімдеу;

5) білім алушыда дербестік сезімін ынталандыру, сонымен қатар оқытушы тарапынан тиісті басшылық пен қолдауды қамтамасыз ету;

6) оқытушы мен студент арасындағы өзара құрметті нығайту;

7) студенттердің шағымдарын қарау рәсімдерінің болуын қамтамасыз ету.

24. ҚҰК-да студентке бағытталған оқыту қағидатын іске асыру білім беру үдерісін жобалау және ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады, мұнда:

1) оқу жоспарлары халықаралық стандарттарға сәйкес жасалады;

2) білім алушылар мақсаттарды таңдау мен оған қол жеткізу тәсілдерін бірлесіп талқылап, оқытушымен және бір-бірімен әрекеттесе отырып, оқу процесіне тең құқылы субъект ретінде қатысады, өз дағдылары мен білімдерін тиімді пайдалану мен жетілдірудің ең жақсы жолдарын зерттейді;

3) жеке оқу траекториясы құрылады – бұл оқу үдерісін ұйымдастыруда жекелей тәсіл мен оқытудың дара формасы басымдыққа ие, білім алушы пәндерді таңдау еркіндігіне ие болады және өзіне, өз жолына өзі жауап береді;

4) бағалау білім алушының нақты жетістіктерін көрсетеді;

5) оқытушы ақпаратты жеткізуші емес, педагог-менеджер ретінде әрекет етеді;

6) ақпарат – оқу мақсаты емес, әрекетті ұйымдастыру құралы ретінде пайдаланылады;

7) оқу бағдарламалары мен технологиялары болашақ мамандықтың талаптары мен білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес қалыптастырылады;

8) білім алушылардың жетістіктері мен пікірлері ПОҚ қызметін бағалауда ескеріледі;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 11 беті

9) ПОҚ-тың кәсіби дамуы білім алушылардың қажеттіліктері мен олардың жетістіктерінің сапасын жақсартуға бағытталады;

10) білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және сапаны қамтамасыз ету іс-шараларына білім алушылардың қатысуы міндетті;

11) білім алушылардың әртүрлі оқу әрекеттерін ұйымдастыруға басымдық беріледі және т.б.

25. Білім алушылар үшін күтілетін нәтижелер:

1) ішкі мүдделі тараптармен бірлесіп, сапаны қамтамасыз етуге ортақ жауапкершілік;

2) өзін-өзі бақылау және өзін-өзі оқыту мүмкіндіктерін дамыту;

3) нақты оқу мақсаттарының болуы, аудиториялық және аудиториядан тыс іс-шараларды қамтитын оқыту стратегиясын әзірлеу, оқу мақсаттарына қол жеткізуді бақылау.

26. Оқытушылар үшін:

1) ішкі сапа кепілдігін іске асыруға ортақ жауапкершілік;

2) білім алушылармен әріптестік орнату, оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара құрметті нығайту;

3) оқыту әдістері мен формаларын жетілдіру;

4) педагогикалық әдістерді бағалау мен түзету үшін қолданылатын тәсілдер туралы кері байланысты тұрақты түрде жинақтау;

5) кәсіби және тұлғалық өсу.

27. Консерватория үшін:

1) студентке бағытталған оқыту ортасына ерекше мән беретін институционалдық мәдениетті нығайту;

2) оқытушылар мен білім алушыларға арналған білім беру ресурстары мен қолдау қызметтерін қаржыландыру кепілдігі;

3) үздік оқыту мен білім беруді, педагогикалық инновацияларды мойындау;

4) білім алушылардың шағымдарын қарау бойынша нақты рәсімдерді құру;

5) сапаны қамтамасыз ету бойынша нақты ішкі құрылымдар мен рәсімдерді құру (бағдарламаларды, пәндерді бағалау);

6) академиялық адалдықты нығайту және білім беру үдерісіндегі этикалық нормаларды сақтау.

28. Ашықтық пен айқындықтың негізгі қағидаттары мыналарды қамтиды:

1) адалдық – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын оқу жұмыстарының түрлерін шынайы, жауапты орындауы;

2) авторлық құқықты және құқық иеленушілердің құқықтарын сақтау – бағаланатын жұмыстарда басқа авторлардың сөздері мен ойларын дұрыс келтіру, ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлықты мойындау;

3) ашықтық – білім алушылар мен оқытушылар арасында өзара сенімге негізделген, ашық ақпарат пен идеялар алмасуы;

4) құқықтар мен бостандықтарды құрметтеу – білім алушылардың пікір мен идеяларды еркін білдіру құқығын қамтамасыз ету;

5) теңдік – әрбір білім алушы академиялық адалдық ережелерін сақтауға және оларды бұзғаны үшін бірдей жауапкершілікке ие болуы.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 12 беті

5. АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

29. Оқу жылы шеңберінде оқу үдерісін ұйымдастыру Консерваторияның Ғылыми кеңесі бекітетін академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

30. Оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестрлерден), аралық аттестаттау кезеңдерінен, каникулдар мен практикалардан тұрады. Бітіруші курста оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі енгізіледі.

31. Академиялық кезеңнің (семестрдің) ұзақтығы 15 аптадан кем болмайды.

32. Әрбір академиялық кезең білім алушылардың аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады. Аралық аттестаттау кезеңінің ұзақтығы кемінде 1 апта болады.

33. Каникулдар әрбір академиялық кезеңнен кейін білім алушыларға беріледі, бұл ретте каникул уақытының жалпы ұзақтығы жылына кемінде 7 апта болады.

34. Академиялық берешекті немесе айырмашылықты жою, оқу үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру, қосымша немесе іргелес білім беру бағдарламаларын меңгеру мақсатында (бітіруші курстан басқа) ұзақтығы кемінде 6 апта болатын жазғы семестрді енгізуге жол беріледі.

35. Форс-мажорлық жағдайларға байланысты академиялық күнтізбеге өзгерістер Ғылыми кеңестің шешімімен енгізілуі мүмкін.

6. БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮЛГЕРІМІНІҢ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУЫ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

36. Білім алушылардың әрбір пән бойынша оқу жетістіктерінің деңгейі қорытынды бағамен айқындалады, ол рұқсат рейтингі бағасы мен емтихан бағасынан тұратын қорытынды бақылау бағасынан құралады. Рұқсат рейтингі бағасы үлгерімді ағымдағы бақылау мен аралық бақылау бағаларынан қалыптасады. Рұқсат рейтингі бағасы пән бойынша білімді бағалаудың қорытынды бағасының 60 пайызын құрайды.

37. Үлгерімді ағымдағы бақылаудың нәтижелері пәннің силабусына сәйкес студенттердің жекелеген тапсырмаларды орындауы мен тапсыруы барысында оқытушы тарапынан тіркеледі. Тапсырмалардың орындалуы студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімі журналында, сондай-ақ ақпараттық жүйедегі білімді ағымдағы бақылау электрондық ведомосінде тіркеледі.

38. Аралық бақылауды дәлелді себептермен (ауру, отбасылық жағдайлар, табиғи апаттар, академиялық ұтқырлық бойынша оқу) жіберіп алған білім алушылар оны растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жеке мерзімдерде тапсырады.

39. Аралық бақылау мерзімдерін ұзарту факультет декандарының өкімі негізінде Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың келісімімен жүзеге асырылады.

40. Қорытынды бақылау аралық аттестаттау кезеңінде өткізіледі. Қорытынды бақылаудың бағасы пән бойынша білімді бағалаудың қорытынды бағасының 40 пайызын құрайды.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 13 беті

41. Қорытынды баға тек білім алушы аралық бақылаудан, рұқсат рейтингінен және қорытынды бақылаудан оң баға алған жағдайда ғана есептеледі.

42. Академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімдерде аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) дәлелді себептермен (ауру, отбасылық жағдайлар, табиғи апаттар, академиялық ұтқырлық бойынша оқу) тапсыра алмаған білім алушыларға, олардан растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін, ҚҰК Ректорының бұйрықтарымен жеке тапсыру мерзімдері белгіленеді.

43. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) 100 балдық шкала бойынша бағаланады және бұл балдар халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес цифрлық эквивалентімен (оң бағалар – кему ретімен: «А»-дан «D»-ға дейін, және «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F») және дәстүрлі жүйеге сай беріледі.

44. «FX» («қанағаттанарлықсыз») бағасын алған жағдайда, Консерваторияның академиялық күнтізбесіне сәйкес білім алушыға оқу пәні (модулі) бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды (емтиханды) бір рет қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

45. Егер «қанағаттанарлықсыз» баға «F» белгісіне сәйкес келсе, білім алушы бұл пәнге/модульге қайта тіркеліп, оны толық өтіп, барлық тапсырмаларды орындап, белгіленген тәртіппен қорытынды бақылауға рұқсат алып, емтихан тапсыруы тиіс. Бұл жағдайда пәнге/модульге қайта тіркелу тек ақылы түрде жүзеге асырылады.

46. Бір пән бойынша емтиханды қайта тапсырудың жалпы саны үш реттен аспауы тиіс: «FX» бағасымен бірінші қайта тапсыру; пәнді екінші рет толық оқу (Retake); пәнді екінші рет оқу аяқталғаннан кейін үшінші рет қайта тапсыру. Егер үшінші тапсыру кезінде білім алушы пән бойынша «қанағаттанарлықсыз» (яғни, «FX» немесе «F») баға алса, ол академиялық үлгермеушілікке байланысты Консерваториядан шығарылады.

47. Бұл жағдайда ол келесі каникул кезеңінде бұл оқу пәні жоқ білім беру бағдарламасына қайта қабылдануға құқылы. Ауыстырылатын білім беру бағдарламасында бұл пәннің болмауы туралы талап жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклына жататын пәндерге қолданылмайды. Яғни, білім алушы жалпы білім беретін пән бойынша үшінші рет «қанағаттанарлықсыз» («FX» немесе «F») бағасын алған жағдайда, ол бұл пәннің жаңа бағдарламада бар-жоғына қарамастан басқа білім беру бағдарламасына ауыса алады немесе бұрынғы білім беру бағдарламасында қала алады.

48. Білім беру бағдарламасын сапалы іске асыру мен білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауды қамтамасыз ету мақсатында оқу үдерісі мен қорытынды бақылау бір-бірінен бөлінеді.

49. Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауы Тіркеуші кеңсесімен ұйымдастырылады.

50. Тіркеуші кеңсесі білім алушылардың аралық аттестаттау нәтижелерін үнемі бақылап, студенттер топтарында өту балынан жоғары абсолютті бағалардың нақты пайыздық үлесін көрсететін бағалау кестесіне сәйкес талдау жүргізеді.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 14 беті

51. Білім алушыға оқу пәндері (модульдері) мен өзге де оқу жұмыстары бойынша, сондай-ақ білім беру бағдарламасын толық аяқтаған жағдайда, ол жеткен оқу нәтижелері оң бағаланған болса, академиялық кредиттер беріледі.

52. Бұрынғы оқу деңгейлерінде және басқа ресми білім беру ұйымдарында білім алушы алған оқу нәтижелері мен оң бағалар ҚҰК тарапынан академиялық кредиттерді қайта есептеу арқылы танылады.

53. Ауысу немесе қайта қабылдану кезінде білім алушының оқу жетістіктері мен оң бағалары бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан екіншісіне академиялық кредиттермен бірге көшіріліп, танылады.

54. Ресми және бейресми білім беру барысында білім алушылар жинақтаған барлық академиялық кредиттер мен оқу нәтижелері өмір бойы жинақталады.

1) ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

55. Магистранттардың дипломдық жобалары (жұмыстары), диссертациялық жұмыстары (жобалары) Аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі – АК) отырысында, ал докторанттардың – Диссертациялық кеңес отырысында қорғалады.

56. Дипломдық жобаларды (жұмыстарды), магистрлік жұмыстарды (жобаларды) және докторлық диссертацияларды қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Бұл ретте бір күнде қорғауға: бакалавриаттан – 12 студенттен, магистратурадан – 8 магистранттан, докторантурадан – 6 докторанттан артық жіберілмейді.

57. Студенттердің қорытынды аттестаттауға жіберілуі факультет декандарының өкімімен рәсімделеді, магистранттар мен докторанттардың – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (бұдан әрі – ҚҰК) Ректорының қорытынды аттестаттау басталғанға дейін кемінде 5 күн бұрын бекітілген тізім бойынша бұйрығымен жүзеге асырылады және Аттестаттау комиссиясына ұсынылады.

58. Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен қатыса алмаған студент АК Төрағасының атына өтініш жазып, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсаты негізінде қорытынды аттестаттауды АК-ның басқа отырысында тапсырады.

59. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін қорытынды аттестаттау олардың денсаулығына кері әсер ететін факторларды болдырмайтын жағдайда және физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына сәйкес жағдайларда өткізіледі.

2) БАКАЛАВРИАТТАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

60. ҚҰК қорытынды аттестаттаудың мерзімін, нысанын және рәсімін айқындайды, олар академиялық күнтізбе мен Ғылыми кеңесте бекітілетін оқу жұмыс жоспарында көрсетіледі.

61. Студенттер барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырады және оқу жұмыс жоспарына сәйкес дипломдық жұмысын (жобасын) қорғайды.

62. Қорытынды аттестаттауға жұмыс және жеке оқу жоспарының, жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес теориялық оқытудың толық курсын аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 15 беті

63. Қорытынды аттестаттау білім алушылардың тиісті білім беру бағдарламасын меңгеру барысында алған білім, білік, дағдылары мен құзыреттерін тексеруге бағытталады.

64. Білім беру бағдарламасы және бейіндік пәндер бойынша мемлекеттік емтихандар ауызша, жазбаша, жазбаша-шығармашылық, орындаушылық нысандарда, сондай-ақ тестілеу (кешендік тестілеу) түрінде, кәсіби оқу бағдарламалары көлемінде өткізіледі.

65. Білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік емтихан бағдарламасы Консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

66. Тақырыптарды бекіту, ғылыми жетекшілерді тағайындау және диплом алдындағы тәжірибеге жіберу туралы бұйрықтар академиялық күнтізбеге сәйкес шығарылады.

67. Қыркүйек айының соңында қорытынды аттестаттауды өткізу үшін ҚҰК Ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

68. Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға сапалы дайындауды қамтамасыз ету мақсатында факультет деканаттары келесі құжаттарды дайындайды:

1) білім алушының Т.А.Ә., білім беру бағдарламасы, дипломдық жобаның (жұмыстың) тақырыбы, тақырып пен ғылыми жетекшіні бекіту туралы бұйрықтың №, бастапқы деректері (қажет болған жағдайда) көрсетілген дипломдық жұмысқа (жобаға) тапсырма. Дипломдық жобаның (жұмыстың) тақырыбы өзгерген немесе нақтыланған жағдайда, ескерту бағанында тақырыпты қайта бекіту туралы бұйрықтың күні мен № көрсетіледі;

2) дипломдық жобаның (жұмыстың) кезеңдерін орындаудың күнтізбелік жоспары, онда мамандық бойынша мемлекеттік емтихандар өткізу, бақылау іс-шаралары (алдын ала қорғау), рецензиялауға және плагиатқа тексеруге тапсыру мерзімі, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау мерзімі көрсетіледі;

3) дипломдық жұмыстар (жобалар) міндетті түрде ішкі нормативтік құжат – ҚҰК ОӘК 2019 жылғы 23 сәуірдегі №5 хаттамамен бекітілген «Антиплагиат» ережесіне сәйкес плагиатқа тексерілуі тиіс.

69. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей Аттестаттау комиссиясына төмендегілер ұсынылады:

1. дипломдық жұмыс (жоба) бойынша ғылыми жетекшінің қорғауға жіберу немесе жібермеу туралы дәлелді қорытындысы бар пікірі;

2. дипломдық жұмысқа (жобаға) баға мен «бакалавр» академиялық дәрежесін беру немесе тиісті мамандық бойынша біліктілік беру мүмкіндігі көрсетілген, баллдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес жан-жақты сипаттама мен дәлелді қорытындысы бар рецензия.

70. Студент дипломдық жұмысын (жобасын) ғылыми жетекшінің оң пікірі болған жағдайда қорғайды.

71. Білім алушы дипломдық жұмысын (жобасын) рецензенттің оң немесе теріс қорытындысына қарамастан қорғауға жіберіледі.

72. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудың орнына мамандықтың (білім беру бағдарламасының) бейіндік пәндері бойынша екі мемлекеттік емтихан тапсыруға рұқсат етіледі.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 16 беті

73. Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушы егер оқу пәндері мен өзге де оқу қызметі (қорытынды аттестаттаудан басқа) бойынша қорытынды бағалары «А», «А–» – «өте жақсы», «В–», «В», «В+», «С+» – «жақсы» болса және орташа GPA көрсеткіші кемінде 3,5 құрап, қорытынды аттестаттаудан «А», «А–» – «өте жақсы» деген бағалармен өткен жағдайда оған үздік диплом беріледі (қосымша оқу түрлері бойынша бағалар есепке алынбайды).

74. Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқудың толық курсын меңгерген, бірақ белгіленген мерзімде дипломдық жұмысын (жобасын) қорғай алмаған студентке келесі оқу жылында қорытынды аттестаттау кредиттерін қайта меңгеріп, дипломдық жұмысын (жобасын) қорғауға ақылы негізде мүмкіндік беріледі.

3) МАГИСТРАТУРАДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

75. Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттардағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредиттен тұрады және магистрлік диссертацияны (жобаны) рәсімдеу және қорғау нысанында өткізіледі.

76. Қыркүйек айының соңында ҚҰК Ректорының бұйрығымен магистранттардың қорытынды аттестаттауын өткізу үшін апелляциялық комиссия құрылады. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын магистранттарды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрық шығарылады. Магистранттардың диссертация қорғауға жіберілуі Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторы басшысының қызметтік жазбасы негізінде жүзеге асырылады.

77. Диссертациялық жұмыстардың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасамай иемденген мәтіндерді анықтау (плагиатты тексеру) мемлекеттік жалпыға міндетті магистратура білім беру стандарттарына сәйкес «Бітіру жұмыстарының плагиатқа тексерілу тәртібі туралы ережеге» сәйкес жүргізіледі.

78. Магистрлік диссертацияны қорғау келесі талаптар орындалған жағдайда жүзеге асырылады:

1) ғылыми жетекшінің оң пікірі;

2) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар: бейінді бағыт бойынша – кемінде бір, ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша – кемінде екі ғылыми жарияланым немесе халықаралық не республикалық ғылыми конференцияда баяндама жасауы;

3) диссертацияны жария қорғауға ұсыну туралы сараптамалық комиссияның жазбаша қорытындысы;

4) қорғауға ұсыну туралы факультет кеңесінің шешімі (факультет отырысының хаттамасынан үзінді);

5) рецензенттің бір рецензиясы, рецензенттің біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес болуы тиіс, онда диссертацияға жан-жақты сипаттама беріліп, тиісті мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі туралы негізделген қорытынды ұсынылады.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 17 беті

79. Егер ғылыми жетекші және/немесе бітіруші кафедра «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берсе, магистрант магистрлік диссертацияны қорғамайды.

4) ДОКТОРАНТУРАДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

80. Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайды және докторлық диссертацияны жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

81. Қыркүйек айының соңында ҚҰК Ректорының бұйрығымен докторанттардың кешенді емтиханын өткізу үшін апелляциялық комиссия құрылады. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын докторанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрық шығарылады.

82. Докторлық диссертация басқа авторлардың мәтінін иемдену фактілерін анықтау мақсатында тексеруден өтеді, бұл тексеру Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы арқылы жүзеге асырылады.

83. Плагиатқа тексеруден кейін докторанттардың диссертациялық жұмыстары сараптамадан өтеді. Осы мақсатта диссертациялық кеңес мүшелерінің ішінен қорғалатын диссертациялық жұмыстың бейініне сәйкес келетін біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) бар сарапшы тағайындалады.

84. Докторлық диссертацияны қорғау келесі талаптар орындалған жағдайда жүзеге асырылады:

1) ғылыми консультанттардың оң пікірлері;

2) диссертация тақырыбы бойынша докторанттың кемінде үш ғылыми жарияланым болуы тиіс, олардың бірі – Комитет ұсынған ғылыми басылымда, бірі – Томсон Рейтер ақпараттық базасындағы (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) импакт-факторы нөлден жоғары халықаралық ғылыми журналда, сондай-ақ үшеуі халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде кемінде біреуі шетелдік конференция материалында жарияланған болуы қажет;

3) қорғауға ұсыну туралы факультет шешімі (факультет кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді);

4) ресми рецензенттердің екі рецензиясы (оның біреуі ҚҰК қызметкері болмауы тиіс), олардың біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес болуы қажет. Рецензияларда диссертацияға жан-жақты сипаттама және «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» бағаларының біреуі көрсетіле отырып, философия докторы немесе бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі туралы негізделген қорытынды беріледі.

85. Егер ғылыми консультанттар және/немесе сараптамалық комиссия «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берсе, докторант докторлық диссертацияны қорғамайды.

7. ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР

86. Жазғы семестр Консерваториядағы оқу үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады және келесі мақсаттарда ұйымдастырылады:

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 18 беті

- оқытылатын пәндер бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген бағасы бар білім алушылардың қайта оқуына;

- келесі курсқа ауысу үшін жеткіліксіз орташа академиялық үлгерім балын (GPA) арттыруға;

- білім алушылардың қайта қабылдану, басқа жоғары оқу орындарынан немесе мамандықтан ауысу, академиялық демалыстан оралу жағдайларында академиялық айырмашылықты жою мақсатында оқу пәндерін меңгеруіне.

87. Егер студент «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан «қанағаттанарлықсыз» деген баға алса, ол осы пәнге қайта тіркеліп, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде барлық оқу түрлеріне қатысып, ағымдағы бақылау талаптарын орындап, рұқсат алады және мемлекеттік емтихан тапсырады. Қайта оқу ақылы түрде жүзеге асырылады.

88. Жазғы семестрде ақылы түрде жекелеген пәндерді қайта оқуға тек бітіруші емес курстардың студенттеріне рұқсат етіледі. Бітіруші курс студенттері академиялық қарызы немесе GPA жетіспеушілігі болған жағдайда оларды келесі оқу жылында қайта оқу арқылы жояды.

89. Білім алушы жазғы емтихан сессиясы басталғанға дейін ТК-не жазғы семестрге қатысу ниеті туралы негізделген өтініш береді. Білім алушы 20 академиялық кредиттен артық тіркеле алмайды.

90. Жазғы семестр туралы бұйрық негізінде оқу процесін ұйымдастыру бөлімі жазғы семестрге арналған оқу сабақтарының және емтихандардың кестесін жасайды.

91. Деканат білім алушыларды жазғы семестрдің шарттары туралы алдын ала хабардар етеді. Сессия қорытындысы бойынша академиялық қарызы бар білім алушылар жазғы семестрден өту қажеттілігі, оқуын жалғастырудағы оның маңыздылығы, жазғы семестрдегі оқудың ерекшеліктері мен ережелері және оларды бұзудың салдары туралы ақпараттандырылуы тиіс.

92. Академиялық қарызды жою, GPA арттыру, қайта қабылдану, ауысу, академиялық демалыстан оралу кезіндегі айырмашылықты жою мақсатында өткізілетін оқу сабақтары оқу жоспарына сәйкес толық көлемде жүргізіледі.

93. Жазғы семестр соңында емтихан сессиясы қарастырылмаған. Емтихандық бақылау жазғы семестр барысында жекелеген пәндерді меңгеру аяқталғаннан кейін бірден жүзеге асырылады.

94. Емтихан нәтижелері студенттерге емтихан күні немесе келесі күні хабарлануы тиіс.

95. Емтиханды қайта тапсыру нәтижесі оң болған жағдайда, қорытынды баға қайта есептеліп, емтихан ведомосына және транскриптке енгізіледі.

96. Оқу жылының қорытындысы бойынша емтихан сессиялары нәтижесіне сәйкес студенттер курстан курсқа Консерваторияда Ғылыми кеңес шешімімен бекітілген өтпелі балл (GPA) негізінде ауыстырылады.

Бакалавриат үшін өтпелі баллдар:

- бірінші курстан екінші курсқа өту – 2,00;
- екінші курстан үшінші курсқа өту – 2,20;
- үшінші курстан төртінші курсқа өту – 2,40.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 19 беті

Магистратура үшін өтпелі балл:

- Бірінші курстан екінші курсқа өту – 2,5.

97. Жазғы семестр қорытындысы бойынша академиялық қарызы бар, бірақ белгіленген өтпелі баллды жинаған білім алушылар келесі курсқа академиялық қарызбен ауыстырылады.

98. Жазғы семестр нәтижелерін ескере отырып, оқу жылының қорытындысы бойынша өтпелі баллды жинай алмаған білім алушы сол курсқа қайта қалады.

99. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын және қайталап оқу курсына қалған білім алушы келесі оқу кезеңінде мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру құқығынан айырылады.

100. Оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқу пәндерінің бір кредитінің орташа құны бекітілген оқу ақысы негізінде есептеледі. Төлем мөлшері Ғылыми кеңес шешімімен бекітіледі.

101. Студенттердің жазғы семестрге ақы төлеуін уақытылы бақылауды деканаттар жүзеге асырады.

102. Білім алушылар оқу пәндерін меңгермес бұрын, жазғы семестрге бекітілген төлемді толық көлемде төлеуге міндетті.

103. Белгіленген мерзімде оқу ақысын төлемеген білім алушылар жазғы семестрде пәндерді оқуға жіберілмейді.

8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ОҚУДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

104. Білім алушы келесі жағдайларда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан (ЖЖОКБҰ) шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілік үшін;
- 2) академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін;
- 3) ішкі тәртіп ережелері мен ЖЖОКБҰ Жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарын, соның ішінде оқу ақысын төлемеу жағдайын бұзғаны үшін;
- 5) өз еркімен.

ЖЖОКБҰ-нан шығарылған білім алушыға ЖЖОКБҰ басшысы қол қойған және мөрмен расталған транскрипт беріледі. Транскриптке білім алушы оқыған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер, оның ішінде «FX» және «F» бағалары көрсетілген қорытынды бағалармен енгізіледі.

105. Білім алушы ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылуы немесе қалпына келтірілуі үшін жеке оқу жоспарына сәйкес меңгерілген білім беру бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтауы қажет.

106. Білім алушыларды Консерваторияға ауыстыру және қалпына келтіру «Өнер» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады.

107. Білім алушылардың ауысу және қалпына келтіру туралы өтініштері Консерватория ректорымен жазғы және қысқы каникул кезеңінде қарастырылады.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 20 беті

108. Төтенше жағдай, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс жағдайы, сондай-ақ қарулы немесе әскери қақтығыстар туындаған кезде, Қазақстан Республикасының азаматтарын және қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қалпына келтіру оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

109. Білім алушыны Консерваторияға ауыстыру кезінде дайындық бағыты, білім беру бағдарламасының бейіні, оқу жетістіктері, сондай-ақ академиялық адалдықты бұзу фактілері ескеріледі.

110. Ауыстырылған немесе қалпына келтірілген білім алушының әрі қарайғы курсы пререквизиттерге және оқу жұмыс жоспарларындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылықтардың болуына/болмауына қарай айқындалады. Бұл ретте ауысу және қалпына келтіру кезіндегі академиялық айырмашылық 20 академиялық кредиттен аспауы тиіс.

111. Ауыстырылған немесе қалпына келтірілген білім алушының оқу нәтижелерін қайта есептеу үшін Консерваторияда кафедра меңгерушісі, декан, оқу жоспарлау бөлімінің басшысы, академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы және академиялық мәселелер жөніндегі проректор кіретін комиссия құрылады.

112. Оқу жұмыс жоспарлары пәндері бойынша академиялық айырмашылық Консерваторияның Ғылыми кеңесі бекіткен «Құрманғазы атындағы ҚҰК оқу жоспарлары пәндері бойынша айырмашылықты есептеу әдістемесіне» сәйкес транскрипте немесе оқуын аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтамада көрсетілген оқытылған пәндердің тізімі, бағдарламалары мен академиялық сағаттарда немесе кредиттердегі көлемдері негізінде оқу жоспарлау бөлімімен келісім бойынша деканатпен анықталады.

113. Меңгерілген кредиттерді қайта есептеу білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығына, меңгерілген пәндердің мазмұны мен көлеміне, білім, білік, дағды мен құзыреттеріне, сондай-ақ оқу нәтижелеріне сүйене отырып жүзеге асырылады.

114. Оқу жұмыс жоспарындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге тіркеліп, академиялық кезең ішінде барлық оқу сабақтарына қатысады, барлық ағымдағы бақылау түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

115. Егер академиялық айырмашылықтағы пәндер ағымдағы академиялық кезеңнің оқу кестесіне енгізілмеген болса, білім алушы бұл пәндерге жазғы семестрде тіркеледі.

116. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша академиялық айырмашылық (мемлекеттік емтихан) бекітілген кестеге сәйкес кезекті аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) кезеңінде тапсырылады.

117. Жазғы семестрде жойылмаған оқу жұмыс жоспарындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылық кейін академиялық қарыз ретінде есептеледі.

118. Шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қалпына келтірілген білім алушы игерілген оқу бағдарламаларын растайтын құжатты

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 21 беті

(академиялық анықтама, транскрипт) және алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжатты ұсынады. Бұл құжат Қазақстан Республикасында 2023 жылғы 12 маусымдағы №268 ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану қағидаларына сәйкес танылуға жатады.

119. Консерватория білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару, қабылдау, оқуға тіркеу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тиісті өзгерістерді ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізеді.

9. БОС БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

120. Ақылы негізде оқитын білім алушы бос білім беру грантына ауысуға құқылы.

121. Бос білім беру грантын тағайындау «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға арналған білім беру грантын тағайындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығы).

122. Бос білім беру гранттары білім беру бағдарламалары топтары бойынша ақылы негізде оқитын білім алушылар арасында конкурстық негізде тағайындалады.

123. Ашық конкурс туралы хабарландыруда білім беру бағдарламалары топтары мен курстар бойынша бос білім беру гранттарының саны көрсетіліп, Консерваторияның ресми сайтында жарияланады.

124. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу барысында босаған білім беру гранттарын тағайындау жазғы немесе қысқы каникул кезеңдерінде жүзеге асырылады.

125. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу барысында босаған білім беру гранттарын тағайындау тәртібі:

126. Үміткерлер Консерватория ректорының атына мемлекеттік білім беру гранты есебінен оқуын жалғастыруға ауыстыру туралы өтініш пен жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және оқу кезеңіндегі транскриптің қоса тапсырады.

127. Білім беру гранттары сол білім беру бағдарламалары тобы мен оқу жылы шеңберінде оқып жатқан білім алушыларға беріледі. Білім беру бағдарламасы тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда бос гранттар дайындық бағыты немесе білім беру саласының ішінде қайта бөлінеді.

128. GPA-ның орташа балл көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, артықшылықты құқыққа тек «А» және «А-» «өте жақсы» бағалары бар білім алушылар ие болады, одан кейінгі кезекте – «А», «А-» «өте жақсы» және «В+», «В», «В-», «С+» «жақсы» бағалары барлар, одан кейін – оқу кезеңі бойындағы аралас бағаларға ие білім алушылар қарастырылады.

129. Білім алушылардың кандидатуралары Ғылыми кеңесте қарауға шығарылады. Бос білім беру гранттарын алуға арналған кандидатуралардың

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 22 беті

Ғылыми кеңесте бекітілген тізімі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолданады.

130. Әрбір үміткерге төмендегідей құжаттар салынған жеке іс-папка жинақталады:

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің және Мәдениет және ақпарат министрінің атына жазылған білім алушының өтінішінің түпнұсқасы;

– консерватория Ғылыми кеңесі шешімінің хаттамасынан үзінді;

– білім алушының транскрипті;

– жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

131. Білім беру грантын тағайындау туралы куәлік негізінде Консерваторияда білім алушыларды мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуын жалғастыруға ауыстыру туралы ректордың бұйрығы шығарылады.

10. СТИПЕНДИЯЛАР

132. Мемлекеттік стипендия күндізгі оқу нысанындағы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын бакалавриат және магистратура білім алушыларына аралық аттестаттау нәтижелері бойынша «өте жақсы» және «жақсы» бағаларына баламалы бағалар алған жағдайда тағайындалып, төленеді.

133. Докторанттарға мемлекеттік стипендия бүкіл оқу кезеңіне аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан, оқудың бүкіл кезеңіне тағайындалады.

134. Бірінші академиялық кезеңге мемлекеттік стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бірінші курсқа (оқудың бірінші жылы) қабылданған бакалавриат және магистратура білім алушыларына 1 қыркүйектен бастап академиялық кезең мен каникулдар аяқталған айдың соңына дейінгі кезеңге тағайындалады.

135. Кейінгі академиялық кезеңдерде мемлекеттік стипендия бакалавриат және магистратура білім алушыларына алдыңғы академиялық кезеңдегі аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша 111-тармаққа сәйкес тағайындалады.

136. Академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясы) өтуге уақтылы қатыса алмаған білім алушыларға дәлелді себептермен (ауру, отбасылық жағдайлар, табиғи апаттар) тиісті факультет деканатына растаушы құжаттарды ұсынғаннан кейін, аттестаттау тапсырудың жеке мерзімдері белгіленеді. Деканат ұсынылған құжаттарды Ректордың қарауына жолдайды. Ректордың шешімі негізінде ОР бөлімі аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) жеке мерзімде тапсыруға рұқсат беру туралы бұйрық шығарады. Аттестаттау нәтижелері бойынша мемлекеттік стипендия осы Саясатпен белгіленген тәртіппен тағайындалады.

137. Академиялық демалыстан оралған білім алушыларға мемлекеттік стипендия осы Саясатпен белгіленген тәртіппен, оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылықтарды жойғаннан кейін тағайындалып, төленеді.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 23 беті

138. Білім алушы үш жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия тағайындалмайды.

139. Мемлекеттік стипендия төлеу мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) Білім алушының Консерваториядан шығарылуы (оқудан шығарылуы), шығару себептеріне қарамастан;

2) Білім алушының қайтыс болуы;

3) Оқуды аяқтауы – оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

140. Мемлекеттік стипендия ай сайын аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) және каникулдар аяқталғаннан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, академиялық кезең, аралық аттестаттау және каникулдар аяқталған айдың соңына дейін төленеді. Соңғы курс білім алушыларына мемлекеттік стипендия Консерваторияны аяқтауына байланысты оқудан шығарылған күнге дейінгі кезеңге төленеді.

141. Мемлекеттік стипендияға ұсынылған білім алушыларға жазғы каникул кезеңіндегі мемлекеттік стипендия екі ай үшін (шілде, тамыз) біржолғы сомамен төленеді.

142. Академиялық демалыста жүрген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік стипендия төленбейді, бұл ретте медициналық қорытынды (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарға қатысты ерекшелік белгіленеді.

143. Медициналық қорытынды (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде академиялық демалыста жүрген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға академиялық демалыс кезеңінде мемлекеттік стипендия тиісті түрде докторанттардың, студенттердің, магистранттардың мемлекеттік стипендиясының мөлшерінен 50 (елу) пайыз, ал мүгедектігі бар адамдар үшін – 75 (жетпіс бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.

144. Стипендия тағайындау Ректордың бұйрығымен, ТК бөлімінің басшысының ұсынуы негізінде жүзеге асырылады.

11. КРЕДИТТІК ЖҮЙЕ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН АВТОМАТТАНДЫРУ

145. Консерваторияда кредиттік жүйе мен қашықтан оқыту технологиясы процестерін кешенді автоматтандыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйе – бірыңғай оқу платформасы «Platonus» бекітілген.

146. Жүйе жоғары оқу орнының барлық нақты оқиғалары мен процестерін көрсететін орталықтандырылған деректер қорына ие.

147. Әрбір студент пен қызметкер үшін жеке кабинеті (web–бет) қарастырылған, бұл Консерватория қызметкерлеріне негізгі міндеттерін автоматтандыруға, студенттерге қажетті ақпаратты көруге, ал қашықтан оқитын студенттерге оқу материалдары мен білім бақылауына жедел қол жеткізуге және интернет немесе ішкі желі арқылы оқытушымен нақты уақыт режимінде байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

148. Әрбір студент өзінің жеке виртуалды кабинетін келесі мақсаттарда пайдалана алады:

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 24 беті

1) элективті пәндерге тіркеліп, өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастыру үшін;

2) пәндердің силлабустарымен танысу үшін;

3) транскрипт пен оқу сабақтарының кестесін қарау үшін;

4) виртуалды аудиторияға кіру үшін.

149. «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалану Консерваторияда оқу процесін тиімді және оңтайлы ұйымдастыруға ықпал етеді.

150. «Өнер» даярлау бағыты бойынша онлайн-оқыту нысанында білім алу рұқсат етілмейді, бұл Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі №44 бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес айқындалған.

151. Консерваторияда толықтай 100% қашықтан оқыту немесе аралас форматтағы оқыту білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

152. Академиялық дербестік шеңберінде аралас форматтағы оқытуды жүзеге асыру кезінде Консерваторияда оқу пәндерін дәстүрлі форматта өткізу 30%-дан аспайды. Дәстүрлі форматта жеке, практикалық/семинарлық сабақтар өткізілуі мүмкін.

153. Төтенше жағдайдың енгізілуі немесе дәстүрлі оқу процесін өткізуге кедергі келтіретін өзге де форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Консерватория білім беру қызметін келесі форматтарда ұйымдастырады:

1) қашықтан оқыту;

2) аралас оқыту;

3) дәстүрлі күндізгі оқыту.

154. Қашықтан немесе аралас форматтағы оқытуға көшу жағдайында оқу процесі Консерваторияның ішкі регламенттері негізінде, оқу процесін ұйымдастыруға, онлайн курстарға, оқытушының біліктілігіне және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды қоса алғанда, білім алушылар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

155. Консерватория сайтында «Platonus» бөлімінде «Құрманғазы атындағы ҚҰК оқытушысының Platonus-та қашықтан оқыту бойынша нұсқаулығы» (қадамдық нұсқаулық) және «Platonus-та жұмыс жасау бойынша білім алушы нұсқаулығы» (қадамдық нұсқаулық) орналастырылған. Бұл қойындыда түрлі цифрлық өнімдер мен желілерді орнату және қолдану бойынша бейнесемінарлар да жарияланады.

156. Консерватория оқытушылары мен білім алушылары «Platonus» ААЖ-де жеке виртуалды кабинетке ие болуы тиіс.

157. Әлеуметтік-гуманитарлық цикл пәндері мен басқа да теориялық пәндер бойынша қашықтан оқытуды (ҚББТ) жүзеге асыруда негізгі платформа – «Platonus».

158. Практикалық шағын топтар мен жеке пәндер бойынша ҚББТ Skype, Zoom, Google, WhatsApp, Instagram, flat.io, электрондық пошта және т.б. бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағдарламалар білім алушыларға

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	42 беттің 25 беті

хабарландырулар жолдау, кеңес беру, байланыс орнату құралы ретінде қосымша пайдаланылуы мүмкін.

159. Түрлі интерактивті контент құру мақсатында Консерваторияның профессор-оқытушылар құрамына бейнедәрістер, мультимедиялық ресурстар, білім тексерудің интерактивті құралдарын жасау үшін келесі цифрлық құралдарды пайдалануға ұсынылады: Thinglink, Bunccee, EdPuzzle, Kaltura, Nearpod, PearDeck, Squigl, Trello, Canva, WeTransfer, Edmodo, ClassDojo, Kahoot, Teach Learn Lead.

160. РММ «Құрманғазы атындағы ҚҰК» білім беру қызметін реттейтін барлық стандарттар, саясаттар, рәсімдер, академиялық күнтізбе және өзге де құжаттар Консерваторияның ресми сайтында (www.conservatoire.kz) орналастырылады.

161. Білім алушыларға ақпараттық жүйелердегі кіріс хаттар мен хабарламаларды күн сайын тексеріп отыру ұсынылады. Әкімшілік немесе оқытушы тарапынан орналастырылған ақпараттар мен хабарламалар білім алушы тарапынан қабылданған және оқылған болып есептеледі.

162. Ақпараттық жүйелердегі қарым-қатынаста оқытушылар, білім алушылар мен әкімшілік этикалық талаптарды сақтауы, ұқыпты киініп, ресми қарым-қатынасқа сай бейнефон қамтамасыз етуі қажет.

163. Консерватория ақпараттық жүйелермен жұмыс бойынша ПОҚ сәйкестігін үнемі мониторингілейді және оқытушылардың АКТ-құзыреттілігін арттыру және кәсіби даярлығын қамтамасыз етеді:

1) педагогикалық даярлық: электрондық оқу контентін/ресурстарын әзірлеу және құру талаптарын білу;

2) әдістемелік даярлық: инновациялық әдістемелер мен білім беру технологияларын (жобалық оқыту, геймификация, флипид-оқыту, аралас оқыту және т.б.) меңгеру; жеке онлайн курстар әзірлеу әдістемелерін меңгеру; өз қызметін зерттеу, талдау және жетілдіру қабілеті; СӨЖ тиімді ұйымдастыру дағдылары;

3) ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдылары: АКТ-құзыреттіліктің болуы; жеке онлайн курстарды әзірлей білу; бейнебайланыс платформаларын қолдану (BigBlueButton және т.б.); білім беру ортасын басқару жүйелерін пайдалану (Learning Environment), мысалы: BlackBoard, Docebo Learn, Google Classroom.

164. Қашықтан оқыту кезеңіндегі білім алушылардың сабаққа қатысуы және оқытушылардың сабақ өткізуі бекітілген сабақ кестесіне сәйкес міндетті болып табылады.

165. Консерватория онлайн емтихандарды прокторинг жүйесімен өткізеді, прокторлар ректордың бұйрығымен тағайындалады.

ҚО режимінде оқу сабақтарына қатысу талаптары:

166. Білім алушы барлық оқу сабақтарына қашықтан қатысуға, тапсырмаларды толық және уақытылы орындауға, пәннің силлабусында көзделген талаптарды сақтауға міндетті.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 26 беті

167. Оқу сабақтарына қатысуды есепке алу «Platonus» ААЖ «Журнал» модулінде оқытушымен жүргізіледі.

168. Ерекше жағдайларда (жеке немесе кәмелетке толмаған баланың ауруы, жақын туыстарының (әкесі, анасы, әжесі, атасы, туған бауыры мен әпкесі, баласы, зайыбы немесе жұбайы) қайтыс болуы, Консерватория тарапынан білім немесе ғылым іс-шарасына жіберілуі) білім алушы деканатқа немесе АМЖҚ-қа бақылау іс-шараларын өтеуге рұқсат алу үшін жүгінуге құқылы.

ҚББТ іске асыру жағдайындағы оқытушыларға қойылатын талаптар:

169. Оқытушы бекітілген сабақ кестесіне сәйкес барлық оқу сабақтарын қашықтан өткізуге міндетті.

170. Оқытушы оқу пәнінің силлабусында (ПОӘК) көзделген талаптарға сәйкес барлық оқу материалдарын және тапсырмаларды «Platonus» ААЖ жүйесіне толық көлемде енгізуге міндетті.

171. Оқу сабақтарына қатысуды есепке алу оқытушымен «Platonus» ААЖ «Журнал» модулінде жүргізіледі.

172. «Platonus» ААЖ-нан тыс өткізілген сабақтар оқытушымен тіркеліп (скриншоттар, видео және т.б.), кафедра меңгерушісі немесе әкімшілік тарапынан растау сұралғанға дейін жеке папкаларда сақталады.

173. Егер академиялық кезеңде бір пән бойынша 3 сабақ себепсіз өткізіліп алынса, оқытушы түсініктеме жазады және бұл мәселе Тәртіптік кеңесте қаралады.

174. Қашықтан оқыту режимінде емтихан тапсырмаларына қойылатын негізгі талаптар мен емтихандарды өткізу бойынша қысқаша ұсыныстар Құрманғазы атындағы ҚҰК оқу-әдістемелік жұмысы мен практиканы ұйымдастыру регламентінің қосымшаларында белгіленеді.

12. КОНСЕРВАТОРИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫННАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

175. Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияда іске асырылатын білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына («МЖМБС») сәйкес келеді және мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендері негізінде барлық оқу түрлері үшін бірыңғай оқу жұмыс жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

176. ҚҰК білім беру бағдарламалары модульдік қағидаға негізделеді және келесі құрамдастардан тұрады:

1) теориялық оқыту, оның ішінде бакалавриат үшін жалпы білім беру, базалық және бейіндік пәндер циклін, магистратура мен докторантура үшін базалық және бейіндік пәндер циклін меңгеру;

2) практикалық дайындық: кәсіби практиканың әртүрлі түрлері, ғылыми тағылымдамалар (магистратура мен докторантура үшін);

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 27 беті

3) ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысы, магистрлік және докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда (магистратура мен докторантура үшін);

4) аралық және қорытынды аттестациялар.

177. Барлық білім деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны студентке бағытталған оқытуға негізделеді және оны құзыреттілікке негізделген тәсіл, пәндер мен оқытушыларды таңдау еркіндігі, интерактивті оқыту әдістерін қолдану және т.б. арқылы жүзеге асырады. Оқу нәтижелері кредиттермен және құзыреттермен өзара байланыстырылған, Дублин дескрипторларына негізделген, ECTS талаптарын, ұлттық және еуропалық біліктілік шеңберлерін ескере отырып әзірленген. Білім беру бағдарламалары оқу нәтижелеріне бағытталған және олар ЕКҚ оқу нәтижелерімен сәйкестендірілген.

178. ЖОО білім беру бағдарламаларының қойылған міндеттерге сәйкестігі мен білім алушылар және өзге де мүдделі тараптар қажеттіліктеріне жауап беруін қамтамасыз ету мақсатында олардың мониторингін және мерзімді бағалауын жүзеге асырады.

179. Білім беру ресурстары мен білім алушыларды қолдау жүйелерінің сапасын қамтамасыз ету қажетті білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады:

1) материалдық-техникалық база;

2) білім алушылар үшін қолжетімді заманауи кітапхана, ақпараттық ресурстар мен электрондық білім беру ресурстары;

3) түрлі мүмкіндігі мен жас ерекшеліктері бар білім алушылар үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ететін әлеуметтік инфрақұрылым;

4) жоғары білікті оқытушылар мен білім беру бағдарламаларының жетекшілер құрамы;

5) білім алушылардың дербес шығармашылық және зерттеу жұмыстарына қажетті жағдайлар.

180. ҚҰК академиялық саясаты келесі құрылымдық бөлімшелер мен Консерваторияның алқалы басқару органдарының қызметі арқылы жүзеге асырылады:

1) «Оқу-әдістемелік кеңес»;

2) «Академиялық комитеттер»;

3) «Факультет кеңестері»;

4) «Академиялық мәселелер қызметі»;

5) «Тіркеуші кеңсесі»;

6) «Оқу процесін жоспарлау бөлімі»;

7) «Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі»;

8) «Практика, жұмысқа орналастыру және мансап секторы»;

9) «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторы».

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 28 беті

13. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

181. Оқу-әдістемелік кеңес – Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияда кадрларды сапалы даярлаудың қазіргі талаптарына сай әдістемелік жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру және оқу-әдістемелік құжаттамаларды жетілдіру мақсатында құрылған алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.

182. Оқу-әдістемелік кеңестің қызметін басқаруды ОӘК төрағасы – академиялық мәселелер жөніндегі проректор жүзеге асырады.

183. ОӘК-нің ағымдағы жұмысы қызметтік отырыстар, жоспарлы жиналыстар, семинарлар, оқу-әдістемелік мәселелерге арналған кеңестер және кемінде екі айда бір рет өткізілетін ОӘК отырыстары арқылы ұйымдастырылады. Кеңес жұмысының қорытындылары жылына бір рет Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның Ғылыми кеңесіне ОӘК қызметінің нәтижелері туралы есеп беру арқылы шығарылады.

184. ОӘК қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

1) оқу процесін, оның әдістемелік қамтамасыз етілуі мен тиімділігін арттыруды, оқытушылар мен білім алушылардың педагогикалық, оқу-әдістемелік қызметінің тиімділігін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу;

2) факультет әдістемелік кеңестері мен академиялық комитеттердің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру, консерватория мен Қазақстан Республикасының және шетелдік оқу орындарының тәжірибесін зерделеу, жалпылау және тарату;

3) оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеуге жұмыс берушілерді, сарапшыларды және тапсырыс берушілерді тарту;

4) туыстас мамандықтар бойынша білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік қызметін өзара байланыстыру және үйлестіру;

5) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру және білім беру бағдарламалары мазмұнын жаңарту бойынша ұсынымдар дайындау;

6) оқу процесінің оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;

7) оқулықтар мен оқу құралдарының қолжазбаларына рецензия жүргізу;

8) басқа жоғары оқу орындарының инновациялық тәжірибесін зерделеу;

9) заманауи білім беру технологияларын енгізу бойынша ұсынымдар дайындау;

10) оқу процесін жетілдіру, озық тәжірибені тарату бойынша ұсынымдар әзірлеу, жоғары білім мәселелері жөніндегі конференциялар, семинарлар және кеңестер ұйымдастыруға қатысу;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тілді дамыту және енгізу бағдарламасын іске асыруға жәрдемдесу.

185. Оқу-әдістемелік кеңестің құрамын Құрманғазы атындағы ұлттық консерватория ректорының бұйрығымен бекітеді.

186. Оқу-әдістемелік кеңес құрамына мыналар кіреді:

1) ОӘК төрағасы;

2) факультет әдістемелік кеңестерінің төрағалары;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 29 беті

- 3) декандар;
- 4) кафедра меңгерушілері;
- 5) академиялық мәселелер қызметінің басшысы;
- 6) оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы;
- 7) жетекші профессорлар;
- 8) студент;
- 9) магистрант.

187. ОӘК-нің негізгі қызметтері:

1) жоғары білім беруді дамыту мәселелері бойынша құжаттар жобаларын әзірлеуге және сараптауға қатысу;

2) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді басқару және оны жетілдіру;

3) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, олардың мазмұнын жаңарту және пәндерді интеграциялау, оқу сабақтарын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар мен басшылықтарды әзірлеу жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу;

4) әдістемелік конференциялар, көрмелер, семинарлар мен кеңестер ұйымдастыруға қатысу;

5) МЖМБС жобаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын және т.б. әзірлеу бойынша тендерлерге қатысу үшін авторлық ұжымдарды қалыптастыру;

6) оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару және қайта басып шығару бойынша жыл сайынғы перспективалық жоспарларды қалыптастыру;

7) жеке жоспарлар мен өкімдерде көзделген оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуына ағымдағы бақылау жүргізу;

8) ағымдағы ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;

9) ОӘК мәжілістерін өткізу;

10) ОӘК жұмысы туралы есептерді дайындау;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттары мен музыкалық өнер және білім беру бағыты бойынша мамандықтар тобына арналған бағдарламаларды әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру;

12) жетекші оқытушылардың педагогикалық тәжірибесін талдау және жалпылау, жаңа оқыту технологияларын енгізу, барлық оқу сабақтарын өткізу әдістемесін жетілдіру, компьютерлік техника мен басқа да техникалық оқыту құралдарын қолдану бойынша ұсынымдар әзірлеу, олардың тиімділігін талдау;

13) оқу жұмыс жоспарлары мен пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (силлабустар) талқылау және келісу;

14) оқу пәндерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

188. ҚҰК Оқу-әдістемелік кеңесі «Оқу-әдістемелік кеңес туралы ереже» және ҚҰК Ғылыми кеңесінде бекітілетін жыл сайын әзірленетін жоспар негізінде жұмыс істейді.

14. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТЕР

189. РММ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының академиялық комитеттері (бұдан әрі – Комитеттер) білім беру бағдарламалары

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 30 беті

бойынша құрылады және өз құрамына: профессор-оқытушылар құрамын, жұмыс берушілерді, алдыңғы жылдардағы жоғары оқу орындарының түлектерін, білім алушыларды қамтиды.

190. ҚҰК академиялық комитеттерінің мақсаттары, міндеттері, құрамы және жұмыс тәртібі Құрманғазы атындағы ҚҰК Ғылыми кеңесі бекіткен «Академиялық комитет туралы» Ережеге сәйкес айқындалады.

191. Академиялық комитеттің негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

1) оқу процесін оңтайландыруға және ҚҰК-ның отандық және халықаралық білім беру қызметтері нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін енгізу, білім беру және ұйымдастырушылық инновацияларды енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) ҚҰК түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған, құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларын жоспарлау және әзірлеу;

3) сыртқы ортаның өзгерістеріне жедел әрекет ету;

4) оқу курстарының мазмұнына, пәндерді оқу тізімі мен реттілігіне мониторинг жүргізу;

5) бітіру біліктілік жұмыстары тақырыптарының тізбесін әзірлеуге қатысу.

192. Академиялық комитет мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) мүдделеріне сәйкес, жүйелілік, құзыреттілікке негізделу, жоспарланған оқу нәтижелерінің құрылымдылығы, интеграциялануы, студентке бағытталуы қағидаттарына сүйене отырып, білім беру бағдарламаларын жоспарлайды және әзірлейді.

193. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша Академиялық комитеттердің қызметіне мыналар кіреді: білім беру бағдарламасының қажеттілігін айқындау; білім беру бағдарламасының мақсаттарын, оның негізгі параметрлерін, жалпы және кәсіби құзыреттерін айқындау; жұмыс берушілерге түсінікті және түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз ететін бағдарламалық (жалпыланған) оқу нәтижелерін (білім мен түсінік) қалыптастыру. Академиялық комитеттер білім беру бағдарламасының мазмұнын (оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған модульдер) уақытының талаптарына және интеграцияға (білім беру бағдарламасына пәнаралық курстарды енгізу) сәйкес айқындауға жауапты.

15. ФАКУЛЬТЕТТЕР КЕҢЕСІ

194. Факультет кеңесі факультет кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми, шығармашылық және әлеуметтік-тәрбиелік қызметін ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау мақсатында құрылады.

195. Факультеттердің оқу-әдістемелік, ғылыми, шығармашылық және әлеуметтік-тәрбиелік жұмысына факультеттер кеңестерінің төрағалары жетекшілік етеді. Олар – кәсіби музыкалық білім беру саласында ғылыми дәрежелері, атақтары және/немесе үлкен практикалық тәжірибесі бар тәжірибелі оқытушылар.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 31 беті

196. Факультеттер кеңестерінің жұмыс жоспарлары кафедра меңгерушілерімен, факультет декандарымен, факультет кеңесінің төрағасымен келісіліп, академиялық жұмыстар жөніндегі проректор тарапынан бекітіледі.

197. Факультет кеңесі төрағасының функционалдық міндеттеріне мыналар жатады:

1) ПОҚ-тың жеке жұмыс жоспарының (оқу-әдістемелік аспект) орындалуын ұйымдастыру және мониторинг жүргізу;

2) факультеттің жетекші оқытушыларының педагогикалық тәжірибесін талдау және жинақтау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, барлық оқу сабақтарын өткізу әдістемесін жетілдіру, компьютерлік техника мен басқа да оқу құралдарын пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу, олардың тиімділігін талдау;

3) факультетте әзірленген оқу құралдарын, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді жариялауға ұсыну және талқылау, сондай-ақ білім алушылардың өздік жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған материалдарды ұсыну;

4) ОӘК әзірлеу және жаңартылуын бақылау, оларды факультет кеңесіне тапсыру;

5) оқу пәндерінің әдістемелік қамтамасыз ету карталарын уақтылы толтыру мен жаңартуды бақылау;

6) оқу пәндерінің мазмұнын ҚР МЖМБС-ның заманауи талаптарына сәйкес көпаспектілі талдау жүргізу;

7) оқу жұмыс жоспарларын, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (силлабус) талқылау және келісу;

8) факультет пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

9) факультет ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

10) факультет кеңесі отырыстарын өткізу;

11) ашық сабақтар өткізу және оларды факультет кеңесі мен ОӘК-де талқылауды ұйымдастыру;

12) білім беру ұйымдарында әдістемелік, ғылыми жұмыстарды, әлеуметтік-тәрбиелік, концерттік-шығармашылық іс-шараларды үйлестіру;

13) факультеттің ғылыми қызмет стратегиясын әзірлеу;

14) оқытушылар мен студенттердің гранттарға, конкурстар мен конференцияларға қатысуына жәрдемдесу;

15) факультеттік ғылыми іс-шараларды (конференциялар, семинарлар, ғылыми-зерттеу конкурстары) ұйымдастыру;

16) кафедралардың ғылыми қызметінің тиімділігін бағалау;

17) сұраныс бойынша ғылыми жарияланымдар мен жобаларға сараптама жүргізу;

18) жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау;

19) факультеттің тәрбиелік жұмыс жоспарын әзірлеу және іске асыру;

20) академиялық топтардың кураторларының жұмысын үйлестіру;

21) азаматтық ұстанымды, патриотизмді, академиялық адалдықты қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 32 беті

- 22) тәрбиелік жұмыс және жастар саясаты бөлімдерімен өзара іс-қимыл;
- 23) тәртіп бұзушылықтар мен академиялық үлгермеушіліктің алдын алу жұмысы;
- 24) бірінші курс студенттерін бейімдеу бойынша жұмыс;
- 25) түлектермен, жұмыс берушілермен, тәжірибе базаларымен өзара байланыс орнату;
- 26) оқу процесін ұйымдастыру мен сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу;
- 27) білім беру ұйымдарында жаңа технологияларды, әдістер мен оқу құралдарын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру бойынша жұмыс ұйымдастыру.

198. Факультеттер кеңесінің құжаттамасына мыналар жатады:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының көшірмелері;
- 2) бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарлары;
- 3) факультеттің оқу-әдістемелік, ғылыми, шығармашылық, әлеуметтік-тәрбиелік жұмыстарының жоспарлары мен есептері;
- 4) факультет кеңесінің отырыстарының хаттамалары;
- 5) факультет бойынша оқу, ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару және қайта басып шығару жоспарлары;
- 6) факультетте әзірленген ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді баспаға ұсыну мен талқылау материалдары;
- 7) оқу жұмыс жоспарлары мен пәндердің оқу бағдарламаларын (силлабус) талқылау және келісу материалдары;
- 8) барлық оқу деңгейлеріндегі пәндердің оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер және оларды қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар.

199. Факультеттер кеңесінің есептілігі келесі құжаттарды қамтиды:

- 1) факультет кеңесінің жылдық жұмыс жоспары және оның жүзеге асырылуы;
- 2) факультет пәндерінің типтік (ЖБП циклі) және жұмыс оқу бағдарламаларының болуы туралы анықтама;
- 3) оқу пәндерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету карталары (жылына екі рет – мамыр және тамыз айларында жаңартылып, толықтырылады);
- 4) пәндердің оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі және оларды қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтер (қыркүйек, мамыр);
- 5) факультет ПОҚ әзірлеген оқу құралдарын, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді жариялауға ұсыну және талқылау, сондай-ақ студенттердің өздік жұмысын жетілдіру материалдары;
- 6) пәндердің оқу жұмыс жоспарлары мен оқу бағдарламаларын (силлабус) талқылау және келісу.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 33 беті

16. АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ

200. Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет (АМЖҚ) – ҚҰК-ның құрылымдық бөлімшесі, ол оқу процесін жоспарлауды және ұйымдастыруды, оқу процесіне бақылау жасауды, білім беру бағдарламаларын ҚР тиісті деңгейлерге арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес жүзеге асыру үшін факультеттер мен кафедралардың жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді. Өз қызметінде академиялық жұмыс жөніндегі проректорға бағынады.

201. АМЖҚ құрылымына мыналар кіреді:

- 1) «Тіркеуші кеңсесі»;
- 2) Оқу процесін жоспарлау бөлімі;
- 3) Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі;
- 4) Тәжірибе, жұмыспен қамту және мансап секторы.

202. Қызметтің негізгі міндеттері:

1) оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру;

2) Консерваториядағы оқу жұмысын үйлестіру;

3) ҚР МЖМБС талаптарына, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі және ЖОО-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын қалыптастыруды ұйымдастыру және бақылау;

4) оқу жылына арналған академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін) жоспарлау және әзірлеу;

5) бекітілген оқу жұмыс жоспарларына сәйкес оқу пәндерін кафедраларға бекіту;

6) ҚҰК бойынша жиынтық оқу жүктемесінің есебін бекіту;

7) Консерватория кафедраларының оқу жүктемесін және сағаттық қорын тиімді бөлуге мониторинг және сараптама жүргізу;

8) ҚҰК бойынша оқу жүктемесінің орындалуы туралы жиынтық есепті құрастыру;

9) оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеп, оларды Оқу кеңесінде, Ректоратта, ОӘК-те талқылауға ұсыну;

10) ҚР ҒЖБМ мен ҚР МАМ-нің нормативтік құжаттарымен жұмыс жүргізу;

11) оқу процесін реттейтін нормативтік құжаттарды әзірлеу және жетілдіру;

12) Академиялық комитеттер мен Мемлекеттік емтихан комиссиялары жұмысының нәтижелері бойынша есептерді жинақтау;

13) АМЖҚ құзыретіне жататын мәселелер бойынша ҚҰК білім беру бағдарламаларын лицензиялау, мемлекеттік аттестаттау, халықаралық аккредиттеу үшін ақпараттар мен әдістемелік құжаттарды дайындау;

14) ISO менеджмент стандарттары мен ESG талаптары бойынша өз процестері шеңберінде менеджмент жүйесін мониторингтеу және талдау, осы мәліметтерді Консерватория басшылығына ұсыну;

15) сапа менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және басқа да тиімді басқару жүйелері саласындағы басшылық саясатын іске асыру;

16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 34 беті

17) сапа менеджменті жүйесінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінде және Консерваторияда енгізілген өзге де жүйелерде бөлім жұмысының тиімділігін арттыру мақсаттарына қол жеткізу.

17. ТІРКЕУШІ КЕҢСЕСІ

203. «Тіркеуші кеңсесі» – бұл білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді жүзеге асыратын, меңгерілген кредиттерді есептейтін, аралық және қорытынды аттестацияны ұйымдастыратын және білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізетін бөлім.

204. Бөлімнің негізгі міндеттері:

1) ағымдар, топтар және шағын топтардың санын қалыптастыру және айқындау;

2) білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау, оқуға қабылдау, оқудан шығару, академиялық демалысқа шығару туралы бұйрықтар шығару;

3) мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысының нәтижелері бойынша қорытынды аттестацияны ұйымдастыру мен өткізуге бақылау жүргізу, статистикалық мәліметтерді ұсыну;

4) жазғы семестрді жоспарлау және өткізу;

5) құжаттаманы жүргізу, оқу жетістіктерін тіркеу және білім алушылардың транскриптерін қалыптастыру;

6) аралық және қорытынды аттестация бойынша ведомостілерді дайындау;

7) мемлекеттік үлгідегі дипломдардың және олардың қосымшаларының телнұсқаларын дайындау және бітірушілерге беру;

8) бітірушілерге жеке үлгідегі дипломдар мен қосымшаларын дайындау және беру;

9) оқытушылар мен білім алушыларға АИС «Platonus» жүйесіндегі конвенттерді толтыру мәселелері бойынша кеңес беру.

18. ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ

205. Оқу үдерісін жоспарлау бөлімі Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

206. Бөлімнің міндеттері:

1) жоспарлау құжаттамасын (оқу жұмыс жоспарларын) әзірлеуді ұйымдастыру және бақылау, жеке оқу жоспарларының орындалуын ҚР ҒЖБМ, ҚР МАМ-нің нұсқаулары мен ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес бақылау;

2) жеке сабақтар кестесін жасауға бақылау және мониторинг жүргізу;

3) күндізгі оқу түрі бойынша сабақ кестесін жасау;

4) оқу жұмыс жоспарларын құрастыру барысында кафедралар мен академиялық кеңестерге әдістемелік көмек көрсету;

5) бекітілген сабақ кестесіне сәйкес оқытушылардың оқу сабақтарын өткізуіне бақылау жүргізу, сабақтардың үзілуі немесе рұқсатсыз ауыстырылуын анықтау;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 35 беті

6) оқу сабақтарының кестесін, ОСӨЖ кестесін, емтихан сессиясының, АК және МАК отырыстарының кестесін жасау, олардың өткізілуіне мониторинг және бақылау жүргізу;

7) аудиториялардың оңтайлы жүктемесін қамтамасыз ету, аудиториялық қордың қолданылуына мониторинг және бақылау жүргізу;

8) элективті пәндер бойынша Сараптамалық кеңестің жұмысын ұйымдастыру;

9) бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша элективті пәндер каталогын қалыптастыру жұмысын ұйымдастыру;

10) ішкі академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру (серіктес жоғары оқу орнымен хат алмасу, шарттар жасау, жеке оқу жоспарын құрастыру үшін пәндер мен сағаттарды салыстыру, білім алушылардың сауалнамаларын толтыру және т.б.);

11) сыртқы академиялық ұтқырлық мәселелері бойынша ECTS жүйесі шеңберінде кредиттерді трансферлеу және қайта есептеу бөлігінде кафедралар мен Халықаралық бөлім қызметкерлеріне кеңес беру;

12) Консерватория оқытушыларының оқу жүктемесін және сағаттық төлемдерін тиімді бөлу бойынша мониторинг және сараптама жүргізу;

13) Консерватория бойынша оқу жүктемесінің орындалуы жөнінде жиынтық есеп жасау.

19. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ

207. «Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі» (ОӘЖЖИББ) Академиялық мәселелер қызметінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

208. Бөлімнің негізгі қызметі мыналарды қамтиды:

1) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын аттестаттаудан, аккредиттеуден және лицензиялаудан өткізуге арналған құжаттарды дайындау;

2) ҚҰК Ғылыми кеңесінде бекіту үшін жыл сайынғы ОӘК жұмыс жоспарын дайындау;

3) ҚҰК-дағы оқу процесінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінің жай-күйіне талдау жүргізу;

4) ҚР ҒЖБМ, ҚР МАМ, департаменттер және өзге де ведомстволардың сұраныстары бойынша ОӘБ қызметіне қатысты ақпараттарды дайындау;

5) Аттестаттау және түрлі комиссиялар кезінде құжаттаманы дайындауға қатысу;

6) Республикалық пәндік студенттік олимпиадалар мен конкурстарды ұйымдастыру және өткізілуін бақылау;

7) «ЖОО-ның үздік оқытушысы» байқауының ішкі кезеңін ұйымдастыру;

8) «Өнер» мамандықтар тобы бойынша ҚР ҒЖБМ ОӘБ РОӘК отырыстарын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын қамтамасыз ету;

9) Консерваторияның ОӘК отырыстарын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын қамтамасыз ету;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 36 беті

10) Оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысты мәселелер бойынша шығармашылық жоғары оқу орындарының ОӘБ-мен хат алмасу және тұрақты байланыс орнату;

11) ПОҚ үшін әдістемелік мәселелер бойынша оқыту семинарлары мен тренингтер ұйымдастыру;

12) Білім алушылардың, магистранттар мен докторанттардың барлық кәсіби практика түрлерінің (оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды) өткізілуін ұйымдастыру және бақылау;

13) Практика базаларымен шарттар жасасу және оларға қосымша келісімдерді дайындау;

14) ПОӘК мен МОӘК сапасын тексеру және талдау жөніндегі комиссия жұмысын ұйымдастыру;

15) Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу;

16) Мемлекеттік емтихан бағдарламаларының сапасын бақылау;

17) Оқу-әдістемелік әдебиеттерді бекіту және баспаға ұсыну бойынша жұмысты ұйымдастыру;

18) Кафедралар кесіндісінде сабақ кестесіне сәйкес педагогикалық жүктеме есебі журналдарының толтырылу сапасына мониторинг жүргізу;

19) ПОҚ-ның өзара сабаққа қатысу журналдарының сапалы толтырылуына мониторинг жүргізу.

20. ПРАКТИКА, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ МАНСАП СЕКТОРЫ

209. «Практика, жұмыспен қамту және мансап секторы» Академиялық мәселелер қызметінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

210. Сектордың негізгі қызметі мыналарды қамтиды:

1) Аттестаттау және әртүрлі комиссиялар кезінде құжаттарды дайындауға қатысу;

2) Практика, жұмыспен қамту және мансап жұмыстарының ұйымдастырылуы мен бақылауын жүзеге асыру;

3) Жұмыспен қамту мәселелері бойынша сыртқы ұйымдармен байланыс орнату және қолдау;

4) Сапаны арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлеу;

5) ҚР ҒЖБМ, ҚР МАМ және басқа да ведомстволардың департаменттерінің сұраныстары бойынша сектор қызметіне қатысты ақпараттарды дайындау;

6) ЖОО рейтингтеріне қатысу үшін Консерватория құжаттарын жинау және дайындау;

7) Студенттердің барлық кәсіби практика түрлерінің (оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды) өткізілуін ұйымдастыру және бақылауды жүзеге асыру;

8) Практика базаларымен шарттар жасасу және оларға қосымша келісімдерді дайындау;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 37 беті

9) ISO менеджмент стандарттарының талаптарына сәйкес сектордың процестері бойынша менеджмент жүйесіне мониторинг жүргізу және талдау жасап, бұл мәліметтерді Консерватория басшылығына ұсыну;

10) Сапа менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және басқа тиімді басқару жүйелері саласындағы басшылық саясатын іске асыру;

11) Мәліметтер базасын үнемі жаңартып отыру, жұмыс берушілермен байланыс қолдау;

12) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;

13) Мәдениет мекемелерімен, музыкалық театрлармен, филармониялармен және басқа ұйымдармен ынтымақтастық шарттарын жасау;

14) Академиялық күнтізбе жобасына практикаға қатысты ұсыныстар енгізу (ОП жетекшілерімен бірлесіп);

15) Оқу жылына арналған практика өткізу жоспарын-қаралымын әзірлеу;

16) Практика базалары бойынша практика өткізу кестесін жинау;

17) Консерватория білім алушыларына арналған практика базалары ретінде әрекет ететін кәсіпорындармен және ұйымдармен ынтымақтастық орнату және шарттық қатынастар орнатуды ұйымдастыру;

18) Консерватория кафедраларының практика базаларының бірыңғай қорын қалыптастыру;

19) Жұмыс берушілердің бос жұмыс орындары туралы ақпаратты өзектілігін сақтау;

20) Білім алушыларға еңбек нарығының жай-күйі мен үрдістері, сондай-ақ жұмыс іздеушіге қойылатын талаптар туралы ақпарат беру;

21) Бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу мақсатында ұйымдастырушылық іс-шараларды (бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, мансап күндері, жұмыс беруші кәсіпорындар мен ұйымдардың таныстырылымдары, тақырыптық көрмелер, семинарлар, тренингтер және т.б.) өткізу;

22) Бітірушілер арасында мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқу аяқталғаннан кейін міндетті жұмыспен өтеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу және маманның жұмысқа жіберілу ережелерімен таныстыру;

23) Грант негізінде оқыған бітірушілерді жеке бөлу жөніндегі комиссия құру туралы бұйрық жобасын дайындау;

24) Грант негізінде оқыған бітірушілерді жеке бөлу жөніндегі комиссия жұмысын ұйымдастыру;

25) Грант негізінде оқыған бітірушілерді бөлу үшін құжаттар дайындау (жұмысқа жолдама/Халықты жұмыспен қамту орталығы, міндеттеме);

26) Грант негізінде оқыған бітірушілердің контингентін Консерваторияға қабылдау туралы бұйрықпен және «Жас мамандар есебі» АЖ «Қаржы орталығы» АҚ жүйесіндегі деректермен салыстыру (ЖОО.1 – Студенттерді қабылдау процесі);

27) «Қаржы орталығы» АҚ «Жас мамандар есебі» ақпараттық жүйесіне күтілетін бітірушілер мен олардың оқуына жұмсалған бюджет шығындары бойынша мәліметтерді жіберу (наурыз–сәуір айларында);

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 38 беті

28) Күтілетін бітірушілер қатарындағы грант иегерлерінің оқудан шығарылғаны/ауыстырылғаны туралы растайтын құжаттармен бірге мәліметтерді және жұмсалған қаражат сомасын дайындау, сондай-ақ бұл мәліметтерді «Жас мамандар есебі» АЖ-не енгізу;

29) Жас маманның досьесін (жеке куәлік, білім беру қызметтерін көрсету шарты, грант берілгені туралы куәлік – pdf форматында) «Қаржы орталығы» АҚ-ға жіберу үшін дайындау;

30) Гранттың әр санаты бойынша бітірушілер туралы мәліметтерді «Қаржы орталығы» АҚ «Жас мамандар есебі» ақпараттық жүйесіне енгізу;

31) ЖОО.6 процесі – Бітірушілер туралы қорытынды есеп (1 шілдеге дейін);

32) ЖОО.7 процесі – Оқу орнын аяқтау туралы бұйрық рәсімдеу (1 тамызға дейін);

33) Бітірушілерді бөлу жөніндегі хаттамаларды және барлық ілеспе құжаттарды «Қаржы орталығы» АҚ-ға тапсыру;

34) Әрбір бітірушінің жұмыспен қамтылуы туралы деректерді «Platonus» ААЖ-не енгізу;

35) Өткен оқу жылындағы бітірушілерді жұмыспен қамту нәтижелеріне талдау жүргізу;

36) Бітірушілерді жұмыспен қамту туралы ақпаратты жоғары тұрған органдарға (ҚР ҒЖБМ) және басқа да мүдделі ұйымдарға (әкімдіктер және т.б.) дайындау.

21. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ СЕКТОРЫ

211. «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секторы» Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының құрылымдық бөлімшесі болып табылады және ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорға бағынысты.

212. Сектор қызметі мыналарды қамтиды:

1) ҚҰК магистратурасы/докторантурасы бойынша оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру;

2) Магистратура/докторантураның білім беру бағдарламаларын ҚР МЖМБС талаптарына, ҚР МАМ, ҚР ҒЖБМ нормативтік актілеріне және жоғары оқу орнының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірлеу мен қалыптастыруын ұйымдастыру және бақылау;

3) Магистратура/докторантураның білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарларымен жұмыс жүргізу, сараптамадан өткізу және келісу;

4) Білім алушылардың портфолиосы мен жеке істерін рәсімдеу және жүргізу, кейін архивке тапсыру (Портфолио, Жеке істер, Архивке тапсыру актісі және т.б.);

5) Ғылыми тағылымдамадан өтуін бақылау және тағылымдама бойынша есептер мен сертификаттарды жинау;

6) Магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру;

7) Магистратура/докторантураның академиялық күнтізбесін (оқу процесінің кестесін) оқу жылына әзірлеу және жоспарлау;

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 39 беті

8) Оқу сабақтарының өткізілуіне, ОСОЖ кестесіне, емтихан сессиясына, магистратура және докторантура бойынша АК отырыстарының өткізілуіне мониторинг пен бақылау жүргізу;

9) Магистранттар мен докторанттардың жеке жұмыс жоспарының орындалуын бақылау;

10) Магистранттар мен докторанттардың оқу жетістіктері тарихын есепке алу, ол белгіленген нысандағы транскриптте көрсетіледі;

11) Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттаудың ұйымдастырылуын бақылау;

12) Магистратура жұмысы бойынша есептік құжаттарды әзірлеуге қатысу және магистратура мен докторантура қызметі туралы статистикалық деректерді Консерваторияның жоғары құрылымдарына ұсыну;

13) Сараптамалық-үйлестіру кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу;

14) Магистратура/докторантура білім алушыларына арналған дипломдар мен қосымшалардың (транскриптердің) телнұсқаларын әзірлеу;

15) Магистранттар/докторанттарды ауыстыру, қайта қабылдау, оқуға қабылдау, оқудан шығару, академиялық демалысқа жіберу туралы бұйрықтар шығару;

16) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушылар үшін жазғы семестрді жоспарлау және ұйымдастыру;

17) Магистранттар/докторанттардың аралық және қорытынды аттестаттауына, сондай-ақ семестр ішіндегі бақылауға арналған ведомостарды дайындау;

18) Бітірушілерге үлгідегі дипломдар мен қосымшалардың телнұсқаларын дайындау және беру;

19) Магистранттар мен докторанттардың қорытынды аттестаттауға, магистрлік диссертацияны қорғауға рұқсат алуын рәсімдеу – бұл тізім негізінде (бітіру, тағылымдама, оқудан шығару, ауыстыру) Консерватория ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

22. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

213. Консерваторияның академиялық саясатын жүзеге асыруға білім беру үдерісінің барлық қатысушылары: басшылық, профессор-оқытушылар құрамы, құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ білім алушылар тартылған және олардың әрқайсысы белгіленген академиялық нормалар мен рәсімдердің сақталуына жеке жауапты болады.

214. Академиялық саясаттың жүзеге асырылуы мен жаңартылуын бақылауды Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет қамтамасыз етеді.

215. Консерватория қызметінің оқу-әдістемелік жұмысқа, оқу үдерісіне және білім алушылардың барлық түрдегі тәжірибесін ұйымдастыруға байланысты негізгі процестері Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның «Оқу-әдістемелік жұмыс регламентіне» енгізілуі тиіс.

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 40 беті

ТҮЗЕТУЛЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 41 беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Саясат	«Академиялық саясат» (бесінші редакция)	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		42 беттің 42 беті